

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жиын барысында университетіміздің басшысы Болатбек Абдрасилов университет жайында біраз ақпараттар беріп, негізгі даму жоспарларымен таныстырды. Әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, нағыз маман дайындауда жан-жақты білім беріліп жатқандығын тілге тиек етті.

2 БЕТТЕ

АС - АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Жұтап тұратын буфеттерде дайын тағамдардың түрлері көбейіп, көз қуантарлық өзгерістер орын алуда. Сонымен қатар, асхана қызметкерлерімен сөйлескенімізде, ыстық тамақ сатуға рұқсат жоқ, жалдау ақысы жоғары болғандықтан асханада жұмыс істейтіндердің жалақысын тауып бере аламыз ба, жоқ па? - деген уайымдарын да білдіріп жатты.

3 БЕТТЕ

ҰЛЫ ДАЛА СУРЕТТЕРІ

Әкілетті кеңес төрағасы М. Йылдыз бен Әкілетті кеңес мүшесі М.Шимшек еліміздің түкпір-түкпірінде түсірілген фотолардан алған әсерлерімен бөлісіп, фотографияның еңбегін жоғары бағалады.

3 БЕТТЕ

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖОЛЫНДА

Физика, химия және биология мамандықтары бойынша оқу-зертханалық база ескірген және ол соңғы 10 жыл бойы жаңартылмаған. Сондықтан, қазіргі таңда оқу үдерісіне қажетті оқу және ғылыми-зерттеу зертханаларын қажетті құрал-жабдықтармен және компьютерлік технологиялармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

4 БЕТТЕ

СПАРТАКИАДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Командалар кіші футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, баскетбол, арқан тарту, қол күресі, жүзу, стол теннисі, эстафеталық ойын түрлерінен университет кубогын сарапқа салды. Студенттердің қысқы демалысы қарсаңында өткен сайысқа университеттің оқытушы-профессорлар құрамы, түрлі саладағы қызметкерлері және докторанттар белсене қатысып, өз ұжымдарының намысын абыроймен қорғады.

8 БЕТТЕ

ТҰРАН ТӨРІНДЕ КЕЛЕЛІ ЖИЫН ӨТТІ



Таяуда «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы «Тұран» бастауыш партия ұйымы жиналысы өтті. Жиналыс Ахмет Ясауи университетінің Мәдениет орталығындағы кіші залда ұйымдастырылды.

Жиналыстың күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы, Жасампаздық және әлеуметтік даму кезеңі, «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жобасының негізгі ережелерін талқылау, «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалының XXXVII конференциясына делегаттар сайлау туралы сұрақтар қаралды.

«Тұран» бастауыш партия ұйымының төрағасы Жанәлі Дәрібаев «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы бойынша баяндама жасап, партия өз бағдарламасында тұжырымдалған міндеттерді ойдағыдай шешіп келгенін, партияның бағдарламалық ұстанымының дұрыстығын уақыт көрсетіп бергенін және ол нақты істермен дәлелденгенін баяндай келе, бастауыш партия ұйымдарының алдында тұрған басым бағыттарды атап өтіп, партияны жаңғырту туралы бастаманың аса маңызды екенін және осыған орай берілген тапсырмаларды уақтылы әрі сапалы орындау барша нұратандықтардың басты міндеті болып табылатынын жеткізді. Өткен жылы жастарымыздың бағдарламалау, 3D-модельдеу негіздерін жетік меңгеруіне мүмкіндік беретін партиялық бастамасымен еліміз бойынша 24 IT-орталық ашылып, онда 1600-ден астам азамат жаңа

технологиялар бойынша білім алған. Мұндай IT-орталық Ахмет Ясауи университетінде де ашылды.

Сонымен қатар ол, биыл құрылғанына 20 жыл болған «Нұр Отан» партиясының осы уақыт ішінде шынығып, шыңдалып, нағыз елдік партия атанғанын атап өтіп, алдымыздағы 27 ақпан күні Астанада «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өтетінін, съезде партияның 2030 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын талқылау, партия Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу, партиялық органдардың есебін тыңдау және партия Саяси кеңесінің құрамын жаңарту жоспарланғанын, және бұл съезд партиямыздың 20 жылдығы аясындағы басты іс-шарасы болып, алдағы жылдардағы мақсат-міндеттерді анықтап беретінін, біздің саяси ұйымның одан әрі жаңғыруына тың серпін беретінін баян етті.

Партияның 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жобасының негізгі ережелерін талқылау жөнінен ХҚТУ профессоры, фил.ғ.к. Бейжігіт Сердәлі баяндап, соңынан Кентау институтының директоры, профессор Үсенбек Рахмет, Ахмет Ясауи университеті «Жас отан» Жастар қанаты ұйымының төрайымы Айгерім Мұрат, «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алмас Темірбаев жиналысқа қатысушылармен «Нұр Отан» партиясының 20 жыл ішіндегі қол жеткен табыстары мен партияның 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жобасы бойынша келелі ойларымен бөлісті.

«ТҰРАН» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ

УНИВЕРСИТЕТІМІЗ — ӘЛЕМДІК QS РЕГИОНАЛДЫ РЕЙТИНГІНДЕ

2018 жылдың желтоқсан айында QS Quacquarelli Symonds компаниясының зерттеуі бойынша жасалған әлемдік QS EЕCA рейтинг нәтижелері жарияланды.

Оқу ордамыз QS EЕCA «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінің тізіміне енді. Үздік университеттер тізіміне ілінген QS EЕCA бойынша 300 ЖОО арасынан біздің университетіміз 216-шы орынды иеленді.

Рейтинг нәтижелері арнайы әдістемелер бойынша есептелген және мынадай негізгі индикаторлар назарға алынған:

- ғылыми-академиялық бедел (30%);
- жұмыс берушілер арасындағы бедел (20%);
- оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер ара-қатынасы (15%);
- шетелдік оқытушы-профессорлар құрамының үлесі (2,5%);
- шетелдік студенттер үлесі (2,5%);
- ОПҚ публикациялық белсенділігі (10%; Scopus/Elsevier деректер базасы бойынша 1 оқытушы жариялаған еңбектер саны)
- ғылыми жарияланымдар дәйексөздері (5%; Scopus/Elsevier деректер базасы бойынша бір мақалаға шаққандағы дәйексөз саны)
- ғылыми дәрежелі қызметкерлер үлесі (5%);
- интернет-ресурстар тиімділігі (10%, Webometrics рейтинг көрсеткіші).

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы

«ЖАСТАР ЖЫЛЫ»: ТІКЕЛЕЙ ЭФИР



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2019 жыл «Жастар жылы» деп бекітілген еді. Соған сәйкес, 23 қаңтар күні Президент еліміздегі түрлі дарынға ие жастармен бас қосып, «Жастар жылын» салтанатты түрде ашық деп жариялады.

Жиынға түрлі салада жетістікке жеткен жастар жиналды. Ғылымның көкжиегінен күліп қарап, білімнің биігін белестеп, кәсіптің көзін тапқан бүгінгі буын Елбасы алдында ұсыныстарын жеткізді. Шараны бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жариялап жатты. «Хабар» арнасы тікелей эфирде көрсетілім жасап, миллиондаған көрермен назарына ұсынды.

Тарихи сәтті құр жібергісі келмеген Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығы студенттерді жинап, тікелей эфирді тамашалады. Басты мақсат құр қарап көру ғана емес, биылғы жарлықтарды естіп, жаңалықтардан құр қалмау болды. Оқу орда басшысы Болатбек Абдрасилов жастар жылының ашылуымен құттықтап, Елбасының алдында сөз сөйлейтін студенттер бізден де шықса екен деген тілек білдірді.

Шара соңы шағын концерттік бағдарламаға ұласты.

Нұрбол НЫШАНБАЙ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫМЕН
КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Университетімізге ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Омархан Нұртайұлы келді. Ондағы мақсат, оқытушы-профессорлар мен студенттермен кездесіп, ой-пікірлерімен бөлісу. Өңірлерде арнайы іс-сапармен жүрген халық қалаулыларымен кездесу барлық қалалар мен аудандарда өткізілуде.

Жиын барысында университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов университет жайында біраз ақпараттар беріп, негізгі даму жоспарларымен таныстырды. Әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, нағыз маман дайындауда жан-жақты білім беріліп жатқандығын тілге тиек етті.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Омархан Өксікбаев кездесудегі негізгі мақсат,

заң жобалары қаралған. Ол заңдардың бәрінің өзіндік орны бар. Бірі медицина саласына қатысты болса, енді бірі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Медицина саласы бойынша медициналық сақтандыруды жүзеге асыру арқылы әрбір тұрғын өзін және өзінің отбасының денсаулығын сақтандыра алатындығын түсіну қажеттігін жеткізді. Және де дәрі-дәрмектердің бағасының тұрақтануы бойынша да көптеген шаруалардың атқарылып жатқандығын алға тартып, алдағы уақытта бір қалыпқа түсетіндігін айтты. Сондай-ақ сот жүйесіндегі адалдық пен ашықтықты жетілдіру керектігі де айтылды. Сонымен қатар 2019 жыл жастар жылы деп жарияланғандығын алға тарта отырып, студент жастарды құттықтап, биылғы жылда барлық қамқорлық пен сенімнің



Елбасының мақаласы мен бағдарламаларын халыққа кеңінен насихаттай отырып, атқарылып жатқан жұмыстарды пысықтау екендігін жеткізді. Сондай-ақ соңғы бағдарламаларды тиімді пайдалану мен жұртшылықты ақпараттандыру арқылы халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, әлеуметтік мәселелерді көтеру екендігін жасырмады.

Соңғы кезеңде Парламентте 83-ке жуық

жастарға артылып отырғандығын жеткізді.

Осы және өзге де маңызды мәселерді қамтыған кездесу қатысушылардың сұрақтарына жауап берумен қорытындыланды. Өртүрлі салалар бойынша сауалдар жолдап халық қалаулысына ұсыныс-пікірлерін де білдірді.

Ақпарат оратылығы

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ 11 ЖӘНЕ 12 СЫНЫП МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕР АРАСЫНДА
VI РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЯСАУИ» ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗЕТІНДІГІН
ХАБАРЛАЙДЫ!

Республикалық «Ясауи» олимпиадасы оқушылардың таңдауы бойынша екі бағытта өтеді:

Бірінші бағыт: Пәндік олимпиада;
Екінші бағыт: Ғылыми жобалар байқауы.
Республикалық «Ясауи» олимпиадасы келесі пәндер бойынша өтеді:

1. Биология
2. География
3. Дүниежүзі тарихы
4. Информатика
5. Қазақ әдебиеті
6. Қазақ тілі
7. Қазақстан тарихы
8. Математика
9. Орыс әдебиеті
10. Орыс тілі
11. Физика
12. Химия
13. Шет тілі

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

I-ші іріктеу кезеңі – пәндік олимпиада бағыты бойынша онлайн тест тапсырады. Ғылыми жоба бағыты бойынша ғылыми жобасын электронды поштаға жібереді.

II-ші іріктеу кезеңі — пәндік олимпиада бағыты бойынша жазбаша емтихан тапсырады. Ғылыми жоба бағыты бойынша ғылыми жобасын презентация арқылы қорғайды.

Олимпиаданың өту мерзімі

I-ші іріктеу кезеңі – онлайн жүйесі бойынша 2019 жылдың ақпан айының 14-17 күндері аралығында өтеді;

II-ші қорытынды кезең 2019 жылдың наурыз айының 26-30 күндері аралығында Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтеді.

Республикалық «Ясауи» олимпиадасының жеңімпаздарына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үшін Түркия гранты беріледі. Түркия грантының иегері I-ші курсқа қабылданып, университетті бітіргенше тегін білім алады.

Олимпиадаға қатысуға өтініш білдіру үшін 2019 жылдың 11 ақпанына дейін <http://ayu.edu.kz> сілтемесі арқылы тіркелуі керек.

Ұйымдастыру комитетімен байланыс:

8 (72533) 63690, Кәсіби бағдар және маркетинг бөлімі

Электр.пошта: talapker@ayu.edu.kz

Whatsapp: +7 702 069 61 33

АПТА АЙШЫҚТАРЫ

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Құттықтаймыз! Университетіміздің тұңғыш ректоры, университет Өкілетті кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрыновты «Металл электрохимиясы» саласында «Сулы қышқыл ерітіндіде титанның постэлектролиздік химиялық еру құбылысы» атты елеулі ғылыми жаңалық ашқаны үшін Ресей Федерациясы Жаратылыстану ғылым академиясы Президиумының 25.01.2019ж. күнгі №289 шешімімен Петр Капица (Нобель сыйлығының иегері, атақты орыс физигі) атындағы Алтын медальмен және арнайы дипломымен (№510) марапатталуымен құттықтаймыз.

Кездесті. Университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов пен I вице президент Женгиз Томар Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевпен кездесті. Ондағы мақсат, оқу ордамыздың алдағы жоспарларын таныстыра отырып, өңірдің дамуына үлес қосатын ғылыми жобаларды көрсету. Кездесу барысында еркін пікір алмасып, білім мен ғылым салаларынан бөлек мәдениет пен өнерді, инновациялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі ұсыныстарымен де бөлісті. Маңыздысы сол өңіріміз төңірегінде білім беру саласын дамыту жөніндегі тұжырымдама таныстырылды.

Семинар. Оқу ордамызда «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» тақырыбында семинар өтті.

Танысты. Университетіміздің кітапханасында «Рухани жаңғыру» орталығы мен Түркістан облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесі бірлесіп ұйымдастыруымен п.ғ.д., профессор Қалипа Әтемованың жарық көрген «Түркі халықтарының қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» атты монографиясы мен «Отбасы салт-дәстүрлерінің қыз тәрбиесіндегі рөлі» және «Қыз тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану» атты оқу құралдарының таныстырылымы өтті.

Басқосу. Жуырда оқу ордамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының қатысуымен «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету» тақырыбында көшпелі жиын өткізілді. Басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, әлеуметтік-мәдени даму Комитетінің хатшысы Б. Мамраев, С. Абдрахманов, К. Абсатиров, Ф. Қаратаев, К. Мұсырман, А. Нұркина, Ж.Нүсіпжанқызы, Б. Смағұл, Б.Тілеухан қатысты. Алқалы жиыннан соң университет ректоры Б.Абдрасилов қонақтарды оқу ордамыздың музейімен таныстырып, түркі әлеміне ортақ білім ордасының негізгі ерекшеліктерін көрсетті.

Таяуда университетімізде «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің жетекшісі Қ.Ахметбекұлымен кездесу өтті. Мәртебелі меймандар оқу ордамыздың кітапханасында орналасқан «Саналы ұрпақ» кеңесі мен «Адалдық алаңы» жұмысымен танысты. Студенттер игілігі үшін атқарылып жатқан шаруаларға ерекше ықылас танытқан Қайыржан Ахметбекұлы алғысын білдірді. Алдағы уақытта бірлесе отырып, жұмысты ары қарай жүйелендіру үшін қолдайтындығын да жасырмады. Сонымен қатар жобалық кеңсе жетекшісі өңірдің білім басқармалары басшылар және ұстаздарымен кездесу өткізді. Ректор Болатбек Абдрасилов сөз алып, жобалық кеңесінің мақсатын түсіндіре отырып, негізгі міндет, жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеу қажеттігін баса айтты.

Құрметті достар!

Жаңа облыс орталығы – Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани мекеніне айналдырып, туристерді тарту мақсатында барлық салада түбегейлі бетбұрыс жасалып, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Көне шаһарды дамытудың кешенді жоспарлары мен оңтайлы өзгерістерін қағ көлемде насихаттау тұрғысында Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен «Түркістанды бірге түлетейік» республикалық байқауын бастаймыз.

2019 жылдың 1 ақпаны мен 10 маусым аралығында жүзеге асатын шараға кәсіби журналистер мен әлеуметтік желі белсенділері қатысып, авторлық мақалалар мен бейнетүсірілімдерін жолдай алады.

Ұсынылған жұмыстар:

1. Ең үздік газет пен сайт материалдары;
2. Әлеуметтік желідегі жарияланымдар (фейсбук желісі мен инстаграм парақшасы);
3. YouTube каналындағы имидждік бейнетүсірілім аталымдары бойынша қарастырылады.

Материалдардың саны мен көлеміне шектеу қойылмайды. Әлеуметтік желідегі таралымы мен сапасына, мазмұнына мән беріледі.

Материалдар мен жазбалар әлеуметтік желіде #«Түркістанды бірге түлетейік» хэш-тегімен жарияланып, сілтемесі qanshaiym777@gmail.com поштасына жіберілуі тиіс. Әлеуметтік желіні пайдалану этикасы мен құқықтық ережелер сақталуы міндетті.

Жүлдегерлер әр аталым бойынша марапатталады:

I орын – 350 мың теңге

II орын – 250 мың теңге

III орын – 150 мың теңге

Үздік шыққан 9 жеңімпаз Түркістан қаласында өтетін марапаттау рәсіміне шақырылып, облыс көлемінде жоспарланған пресс-турға қатысады.

ЖАТАҚХАНА — СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЙІ

Елімізде 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланды. Бұл дегеніміз жастарға деген қамқорлық артып, қандай да бір бастамаларда қолдау көрсетіледі, жастар үшін ерекше жыл болғалы тұр. Жоғары оқу орындары нағыз жастардың шоғырланған ортасы. Ал, жатақхана алыстан оқуға келген студенттің үйі ғана емес, студенттің өмірдің қызығы мен шыңығын қатар көрсететін мекен. Жастарымыздың жағдайын білу мақсатында «Студенттер үйінің» басшысы Сақтапберген Мырзабекұлы Мұхановпен кездесіп жатақханалардың тыныс-тіршілігімен танысқан едік.



— Жаңа қызметке келгеніңізге жарты жылдай уақыт болды. Содан бергі уақыттағы Студенттер үйінің тыныс-тіршілігін айта отырсаңыз?

— Өзіңіз білесіз бұл қызметке келмей тұрғанда да факультетте декан орынбасары болып көп жылдар бойы студенттермен қоян-қолтық араласып, солар үшін шырылдап жүретінімді. Ал, енді басшыларымыз тікелей жаңа қызметті сеніп тапсырған соң, бұл қызмет мен үшін екі еселене түсті. Сенімнен шығу, берілген тапсырманы орындау, жаңашыл идеялар арқылы университетімізді алдыңғы қатарға шығару түсіне білген азаматқа ауыр жүк. Себебі, әртүрлі ұлттың өкілдерінен келген студенттің жағдайын түсіну, талап тілектерін орындау білімділікті, көрегендікті, талапшылдықты, тазалықты қажет етеді. Бұл менің ең басты ұстанымым.

Жатақхана дегеніміз студенттер үшін де біздер үшін де күрделі мәселе. Себебі Түркістан қаласының облыс орталығы статусын алғалы жалдамалы пәтерлер құны шарықтап шыға келді. Бұл дегеніміз шалғай жерден келіп тұратын ағайыны жоқ студенттеріміздің қалтасына ауырлық қылатыны белгілі.

— Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасы, оның жалғасы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауы оның ішінде жастарды үймен, жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі көңілге көп үміт отын жақты. Қазіргі таңда жатақханаға деген сұраныс 1500 орын болып тұр. Жастарды қолдау жылында студенттеріміздің жағдайын жақсарту мақсатында университет ректоры Б.Абдрасилов 2019-2021 жылдың аралығында 500 орындық, 2020-2022 жылдар аралығында 600 орындық жатақхана салуды жоспарға енгізіп отыр. Сонымен қатар жатақхана қажеттіліктеріне байланысты көптеген ескірген заттар жаңартылды. №6 жатақхананың 1-ші қабатына 100 орындық студенттерімізге арналған

бөлмелер дайындадық. Екі қабатты кро-ваттар қойылып, төсек-орындармен, жиһаздармен жабдықталды.

Қазіргі таңда басқарып отырған бөліміміздің аты «Студенттер үйі» болып өзгертілді. Құрылымымыз—104 адам бар. Оның: 6-уы тәрбиеші, 8-і комендант, 90-ы әртүрлі жұмысшылар. 6 студенттік, 3 жанұялы жатақхана және Кентау мен Шымкент қалаларындағы жатақханалар бақылауымызда. Біздің уақытымыздағыдай емес қазіргі таңда жатақханалар заман талабына сай асхана, буфет, ашық спорт алаңымен қамтамасыз етілген. Студенттер үйінде бүгінгі таңда 3900 студент орналасқан, оның 1269-ы шетелдік студенттер. Жастар жылына байланысты тәрбиешілер мен жатақхана меңгерушілеріне тапсырма беріліп, жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Студенттеріміздің жағдайын жақсарту мақсатында университетімізде «Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы» ашылды. Алдағы уақытта студенттер электронды цифрлы қолтаңбаларын алса кез-келген мағлұматты, жатақхананы алуларына мүмкіндік болады. Әрине, бәрі бір күнде болады деп айта алмаймын, бірте-бірте заман талабына сай жасалынған істің басы басталса қалғаны келешек жастарымыздың өз қолында деп білемін. Бұл үшін бәріміз бір кісідей ат салысып қызмет жасауымыз керек.

— Жатақхана бірінші кезекте кімдерге беріледі?

Жатақхана берудің Сенат отырысында талқыланып бекітілген арнайы ережесі бар. Бірінші кезекте грант бойынша оқуға қабылданғандар, екінші - Түркия грантының иегерлері, содан кейін түркі дүниесінен келген шетел азаматтарына, одан кейінгі кезекте әлеуметтік аз қамтылған студенттер мен мүгедек балаларға, сонымен қатар еліміздің алыс аймақтарынан келген студенттерімізге, Республикалық, Халықаралық олимпиада жеңімпаздары, Алтын белгі иегерлеріне беріледі. Олардан қалған орын ақылы оқитын жастарымызға тиесілі. Қайткен күнде де оларға орын тауып беруге тырысып бағамыз. Соған орай егер бөлме 4 орындық болса қастарына қосымша бірге оқитын достарын жатқызуға рұқсат сұрағандарға өздерінің келісімі бойынша орын беріп отырмыз. Өзіміздің студенттерді қолдап, барынша жағдайларын жасау біздің міндетіміз. Жақсы маман дайындап университетімізді әлемге танытамыз десек студенттің жағдайын жасасақ, талап та қоя білеміз. Сол кезде жақсы спортшы да, өнерпаз да, жақсы маман кадрлар да шығады.

— Ыстық су, жылу мәселесі қалай болуда? №1 жатақхананың тұрғындарынан естігенім бөлмелер суық, тамақ дайындайтын орында арнайы плита жоқ дейді. Тамақ дайындайтын уақытта әр адам өзінің

плитасын сүйретіп жүреді екен. Осы уақытқа дейін неге арнайы газ немесе электр плиталар қойылмаған. Жылуы жоқ бөлмелерден хабардарсыз ба?

— Әрине қателікті мойындау да ерліктің бір нышаны деп білемін және шындықты айтқанды жақсы көремін. «Халық айтса қалып айтпайды» дейді дана халқым, ол рас. Көптеген бөлмелер айтылған сынға төтеп бере алмайды. Жылу жөнінен басында көп қиындықтар туындады бірақ, біртіндеп шешілді. Бұл мәселелер биылғы жылы толығымен шешімін табады деп ойлаймын және сол үшін бар күш-жігерімді саламын. Газ плиталар барлық жатақханаларда бар, тек №4-ші жатақханада жоқ. Жақында тапсырыс беріліп, алынатын болды.

— Жуынатын бөлмелерге су арнайы график бойынша босатылады. Ал күнделікті пайдалануға ыстық-суық су беріліп тұр. Дегенмен де көпшіліктің ойынан шығу оңай емес, сонда да болса «Сын айтылмай мін түзелмейді» дегендей сынның айтылғанына ренжуге болмайды. Өзің байқамағаныңды сырт көз айтып жатса нәтиже шығаруға тырысамыз.

— Жұмыс бар жерде міндетті түрде кемшілік болады. Осы жатақхана төңірегінде қандай мәселелер туындауда, бөлісе отырсаңыз.

— Факультеттермен тығыз байланыс орнатылған. Бірақ кейбір факультеттер оның ішінде топ эдвайзерлері

рұқсат беріледі. Ал тәрбиешілер түнгі сағат 2:00-ге дейін жатақханада болады. Бір қынжылтатыны студенттердің бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысуы өте жиі орын алады екен. Ондай жағдай өзара ренжисуден, түсініспеңдіктен орын алатыны белгілі. Осы жағдайды тоқтату қолға алынып жатыр. 1-курста жатқан бөлмесіне оқуын бітіргенше жатса, өзінің үйіндей ішін әрлеп, әдемілеп жасап алар еді. Бала жылда әр бөлмеге ауыса берсе келесі жылы басқа бөлмеге ауыстырады деп жатын орнына немқұрайлы қарайды. Тұрақтандыру мәселесі де назарда. Тазалық мәселесі де өзекті болып тұр. Жастардың тазалықты сақтауы, қоқысты тиісті орынға тастау дегенді білмейтіндері де жеткілікті. Айтсаңыз майда-шүйде нәрсе секілді, айтпасаңыз оны түсініп жатқан жастарымыз болмай тұр. Жатақхананың ережесін бірнеше рет бұзған студентті жатақханадан шығарамыз шара қолданыңыздар деп деканаттарға мәлімдеме жолдаймыз, олардан жауап келудің өзі қиындау. Әрине, бәріне бірдей топырақ шаша алмаймын, жақсы істеп жатқандары да бар. Тағы бір айта кететін жәйт әсіресе сеніп тапсырған жұмысыңа кедергі жасап аяқтан шалатындар, ретсіз араласатындар мені қатты қынжылтады. Мен өзім ешқашан біреуге міндеттелген жұмысқа араласпаймын, сондықтан мұндай қасиеттерді жек көремін.



тобындағы студенттердің қайда тұрып жатқанынан хабарсыз екенін білгеніңде қарның ашады. Ата-аналармен байланысты күшейтсек деп отырмыз. Себебі кейбір студенттер жатақханада тұрамын деп жолдама алып пәтерде тұрып жатады, бұдан аты-ана да, эдвайзерде хабарсыз. Жатақханада тұратын кейбір студенттер жатардың алдында «қазір келем» деп шығып кетіп құмар ойында азанға дейін отырып келеді, міне осылардың бәріне бақылауды күшейтіп жатырмын. Осыған барлығы күш салса деймін. Жатақханада күнделікті түнгі сағат 11-00-ге дейін, ал емтихан кезінде сағат 12-00-ге дейін жарық қосуларына

Қорыта келгенде әр студент бір-бір үйдің еркесі болғандықтан жатақханада жұмыс істейтін қызметкерлерге шыдамдылық, төзімділік керек. Өздерінің балаларына жасаған жақсылықтарды осы студенттерімізге жасаса, оларды түсінеді ғой дегім келеді. Университетіміздің Жастар жылында жастарға жасайтын жақсылығы көп болсын!

— Сұхбатыңызға рахмет!

Дайындаған:
Эльмира ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ

ҰЛЫ ДАЛА СУРЕТТЕРІ

Мәдениет орталығының фойесінде Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Қоғаммен байланыс бөлімінің телемаманы, Қазақстан Фотоөнер бірлестігінің мүшесі Нәхып Шынтеміровтің «Ұлы дала суреттері» атты фото көрмесі ашылды.

Көрмеге қазақтың салт дәстүрінен хабар беретін фотографтың 40-қа жуық фотолары қойылған. Арасында Монғолиядан келген бүркітші қазақ қызы Айшолпан Нұрғайыпқызының да бейнесін көруге болады. Өкілетті кеңес төрағасы М. Иылдыз бен Өкілетті кеңес мүшесі М.Шимшек еліміздің түкпір-түкпірінде түсірілген фотолардан алған әсерлерімен бөлісіп, фотографтың еңбегін жоғары бағалады.



АС - АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Асхана жүйесінде жылда өзгерістер болып тұратын болды. Жаңа жүйеге енді бой үйреніп келе жатқанда жаңасы келеді. Қазіргі таңда оқу ғимараттарында орналасқан буфеттер жалға беріліп, карточкалық жүйе «Титаник», «Тұран» асханаларында ғана қолдануда.

Ал, оқу ғимараттарындағы асханалар қайтадан қолма-қол саудаға өтті. Жұтап тұратын буфеттерде дайын тағамдардың түрлері көбейіп, көз қуантарлық өзгерістер орын алуда. Сонымен қатар, асхана қызметкерлерімен сөйлескенімізде - ыстық тамақ сатуға рұқсат жоқ, жалдау ақысы жоғары болғандықтан асханада жұмыс істейтіндердің жалақысын тауып бере аламыз ба, жоқ па? деген уайымдарын да білдіріп жатты.

Дегенмен де дәмді тағамдар буфеттердің сөрелерінде табылғаны дұрыс болды. Енді сол тағамдардың түрлерін өзгертіп тұрса, нұр үстіне нұр болады.




ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ

Жаратылыстану факультетінің құрамына 4 кафедра кіреді: «Биология», «Математика», «Физика», «Экология және химия» кафедралары. Факультетте 2017-2018 оқу жылында білім алушылар контингенті 669 болса, ал осы оқу жылында олардың саны 868 болды.

Факультет педагогикалық бағытта 5B010900-Математика, 5B011000-Физика, 5B011200-Химия, 5B011300-Биология, 5B011600-География мамандықтары бойынша, ғылыми бағытта 5B060100-Математика, 5B060400-Физика, 5B060700-Биология, 5B060800-Экология мамандықтары бойынша, ал техникалық бағытта 5B073100-Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығы бойынша бакалаврларды дайындайды.

Сонымен қатар, факультетте педагогикалық бағытта 6M011000-Физика, 6M011300-Биология мамандықтары бойынша, ғылыми бағытта 6M060100-Математика, 6M060400-Физика, 6M060600-Химия, 6M060800-Экология мамандықтары бойынша, ал техникалық бағытта 6M070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу мамандығы бойынша магистрлер дайындалады.



Факультет педагогикалық бағытта 6D010900-Математика, 6D011000-Физика мамандықтары бойынша, ал техникалық бағытта 6D070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу мамандығы бойынша докторанттарды дайындайды.

Факультетте 66 оқытушы-профессор қызмет атқарады, оның ішінде 8 ғылым докторы, 34 ғылым кандидаты, 8 PhD докторы, яғни ғылыми дәрежелі оқытушы-профессор құрамы 76 пайызды құрайды.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің Жоғары оқу орындары арасындағы мамандықтар бойынша Ұлттық рейтинг нәтижесі бойынша 2018 жылы 5B010900-Математика мамандығы екінші орынды, 5B011200-Химия мамандығы екінші орынды, 5B060800-Экология үшінші орынды иеленді. 2017 жылы 5B011200-Химия мамандығы бірінші орынды, 5B060700-Биология мамандығы үшінші орынды,

екінші орынды иеленсе, ал 2018-2019 оқу жылы орташа 118 баллмен университет бойынша бірінші орынды иеленді.

Осы оқу жылында педагогикалық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларына қазіргі таңда Қазақстан, Түркия және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың орта мектептеріндегі инновациялар (жаңартылған білім беру, критериалдық бағалау, сыни ойлау және т. б.) енгізілді. Осы бағытта келесі тақырыптар бойынша семинарлар ұйымдастырылды:

• сабақты зерттеу (lesson study): А-дан Я-ға дейін;
• тиімді кері байланыс беру дағдысын дамыту әдістері;
• сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар;
• мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері;
• тиімді сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Сонымен қатар факультеттің

және компьютерлік технологиялармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Жаратылыстану факультетінде ғылыми-зерттеу жұмыстары келесі бағыттар бойынша орындалады:


- Математикалық физиканың классикалық емес есептерін шешудің аналитикалық және сандық әдістері
- Қатты денелер физикасы және олардың физика-механикалық қасиеттерін зерттеу.
- Өндірістік қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтарды залалсыздандыру, зарарсыздандыру және кәдеге жаратудың инновациялық технологияларын жасау мен ендіру және тауарлы өнімдерді алу
- Техногендік факторлар мен Жібек Жолы бойындағы тарихи-сәулеттік ескерткіштердің қауіпсіздігі арасындағы

ағынсыз көлдердің экожүйелерінің жағдайы мен оларды арал теңізінің қалдықты су қоймаларының мысалында шаруашылықта қолданудың мүмкіндіктері». Ғылыми жетекшісі «Экология және химия» кафедрасының профессоры, география ғылымдарының кандидаты А.Құрбаниязов (18 млн.тг.)

«Бөлшек дәрежелі эллипстік операторлардың математикалық модельдері үшін сызықтық емес кері есептерді шешудің сандық әдістері мен параллельді алгоритмдерінің гравиметрикадағы қолданыстары»

Ғылыми жетекшісі «Математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты М.Сұлтанов (21 млн. тг.)

«Сингуляр ауытқыған теңдеулерде контраст құрылымдары және олардың



өзара байланысты, қоныстану аймақтарды, Сырдария-Қаратау өңірі флорасы мен фаунасын және басқа да стратегиялық объектілерді кешенді мониторинг негізінде бағалау және оларды қорғау іс-шараларын жүргізу, жаңа био-препараттар дайындау үшін жаңа сіңірілу «жасыл технологияларын» әзірлеу

• Жаңа әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру

Осы зерттеулердің нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға жарияланған гранттық конкурсы бойынша келесі жобалар қаржыландыруға ие болды:

«Эллипстік теңдеулер және оның бөлшек ретті аналогтары үшін классикалық және классикалық емес есептерді шешу әдістерін құру». Ғылыми жетекшісі «Математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Б.Турметов (30 млн. тг.)

«Аридті климаттағы

Қазақстан Республикасы Білім

фазалық өтулерде қолданылуы». Ғылыми жетекшісі «Математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Б.Калимбетов (21 млн. тг.)

Университетте 2017-2018 оқу жылының индикативті көрсеткіштер бойынша өткізілген рейтинг нәтижелері бойынша Жаратылыстану факультеті бірінші орынды иеленді, ал 52 кафедраның ішінен «Математика» кафедрасы бірінші орынды, «Экология және химия» кафедрасы алтыншы орынды, «Физика» кафедрасы он тоғызыншы орынды, «Биология» кафедрасы жиырма алтыншы орынды иеленді.

Университет бойынша әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар (Thomson Reuters, Scopus, Elsevier базаларындағы) саны 2016 жылы 114 болса, соның 26 жарияланымы Жаратылыстану факультетіне тиесілі, ал 2017 жылы жарияланған 91 мақаланың 17 мақаласы факультет ғалымдарына тиесілі.

5B060400- Физика мамандығы үшінші орынды, 5B011000-Физика мамандығы үшінші орынды, 6M060100-Математика мамандығы үшінші орынды иеленді. Ал 2016 жылы 6M060800-Экология мамандығы бірінші орынды, 5B011600-География мамандығы екінші орынды, 5B010900-Математика, 6M060100-Математика, 6M060600-Химия мамандықтары үшінші орынды иеленді.

Студенттердің оқу үлгеріміне тоқталатын болсақ, 2016-2017 оқу жылының қысқы сессиясында оқу үлгерімі 75 пайызды, жазғы сессиясында 81 пайызды құраса, ал 2017-2018 оқу жылының қысқы сессиясында оқу үлгерімі 82 пайызды, жазғы сессиясында 83 пайызды құрады.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижесі бойынша Жаратылыстану факультеті 2017-2018 оқу жылы орташа 106 баллмен университет бойынша

